

## "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 05 маусымдағы № 308 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 07 шілдеде № 3265 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 300 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің  
13.09.2016 № 300 қаулысымен.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Қаратал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Теберіков Жекен Молдағалиұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Байтаева Құлпәш Ізмұханқызына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндеттін атқарушы

A. Қалиасқаров

Қаратал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 308 қаулысымен бекітілген қосымша

# **"Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Қаратал ауданының аумағында мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
  2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.
  3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
  4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
  5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
  6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
  7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды
  - .
  8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
  9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 041000, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы, № 9.
  10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қаратал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
  11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.
  12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
  13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру

құқығы берілсе, онда осындай қызметтөн алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Бөлімнің миссиясы: мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;

2) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды отаншылдыққа және естетикалық тәрбиелеуді ұйымдастыру;

3) дарынды тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;

4) тілдерді оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдайлар жасау.

16. Функциялары:

1) театр, музика және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени-демалыс қызмет саласында ауданың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдауды және үйлестіруді жүзеге асыру;

2) жергілікті маңызы бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

3) ауданың сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуі жүзеге асыру;

4) ауданың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізу;

5) ауданың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылышы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болу;

6) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

3) Бөлімнің құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) Бөлімнің мұдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, үйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысын Қаратал ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасары жок.

21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде анықтайды;

2) Бөлімнің қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындауды және босатады;

3) Бөлімнің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде Бөлімнің қызметкерлері, Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің директорлары орындауға міндетті бүйректар, нұсқаулықтар шығарады;

5) Бөлімде сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да үйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің мұддесін білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер

есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

1) Қаратал ауданы "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мемлекеттік тілді оқыту орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) "Қаратал ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

3) "Қаратал ауданы әкімінің аудандық кітапханасы" мемлекеттік мекемесі.